

свидетельствуют о том, что по прошествии нескольких десятилетий суждения о ней не изменились. В настоящей ситуации, может быть, целесообразно вспомнить совет В.В. Краевского «не вместо, а вместе» решать проблемы педагогической науки. Не растворять педагогику в науках, с которыми она взаимодействует, не подменять ее другими областями знаний, а развивать, открывая новые направления исследований.

#### Список литературы:

1. Семененко И.С. Политические изменения в современном мире: новые контуры исследовательского поля // Политическая наука перед вызовами глобального и регионального развития / Под ред. О.В. Гаман-Голутвиной. – М.: «Аспект Пресс», 2016. – С. 20-37.
2. Кравченко С.А. Социологическое знание через призму «стрелы времени»: востребованность гуманистического поворота. – М.: МГИМО-Университет, 2015. – 342 с.
3. Шестопал А.В. МГИМО: лица и поколения. – М.: МГИМО-Университет, 2016. – 200 с.
4. Пичугина В.К., Сериков В.В. Гуманитарная парадигма как перспектива преодоления методологического кризиса в педагогике // Педагогика. – 2016. – № 1. – С.19-30.
5. Соколова И.И., Колесников А.С. Современная зарубежная компаративная педагогика и философия образования. – СПб.: ВАС, 2016. – 224 с.
6. Междисциплинарные исследования в педагогике / под ред. В.М. Полонского. – М., 1994. – 220 с.
7. Зарубежная философия образования: подходы и концепции / Е.В. Вострикова, А.С. Игнатенко, П.С. Куслий, Л.Б. Макеева, А.Л. Никифоров. – М.: МПГУ, 2011. – 160 с.
8. Краевский В.В. Что такое философия образования? // Магистр. – 1994. – № 3. – С.19-27.
9. Barrow R., Woods R. An Introduction to Philosophy of Education. – 1989. – 232 p.

### ЫБЫРАЙ КИТАПТАРЫ ШЕТ ЕЛДЕРДЕ Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН И.ГАСПРИНСКИЙ

Оспанов Серікбай  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
институтының профессоры

#### Аннотация

*Бұл мақалада ағартушы ғалым, педагог Ыбырай Алтынсаринның еңбектерінің шет елдерінде басылып шығарлуы, шет ел ғалымдары мен халықтарының оқу зерттеу, қызығушылық туғызуы туралы айтылады.*

#### Аннотация

*В этой статье рассматриваются и анализируются труды ученого, просветителя, педагога И. Алтынсарина зарубежными учеными, труды которого вызывают неподдельный интерес у исследователей и у широкого круга почитателей.*

#### Abstract

*The article deals with analysis of works of scientist and teacher I. Altynsarin which have given by foreign scientists. Researchers and a wide circle of admirers have great interest to I. Altynsarin's works.*

**Түйінді сөздер:** *Ы.Алтынсарин, Ы.Алтынсарин жұмыстарын талдау, В.Алтынсарин жұмыстарына қызығушылық.*

**Ключевые слова:** *И. Алтынсарин, анализ работ И. Алтынсарина, интерес к работам И. Алтынсарина*

**Key words:** *I. Altynsarin, analysis of I. Altynsarin's works, interest to I. Altynsarin's works*

Ы.Алтынсарин татар ағартушылары Ш.Маржани, Қ.Насыри (Ғабдолқаюм Ғабденнасырұлы Насыров), С.Куклашев, Х.Фазылханов, қырым татары Исмағұлбек Гаспринскиймен достасып, хат алысып тұрған. Әсіресе, Ыбырай мұсылмандық ағартушылық жолындағы И.Гаспринскиймен өте жақын болған. Екеуінің өмірінде бір-біріне ұқсастық көп.

И.Гаспринский – Исмағұл Мұстафаұлы 1851 жылы 21 наурызда қазіргі Қырым автономиялы облысының Бақшасарай ауданында Ауджикой ауылында дүниеге келген.

Ата - бабасының, өзінің туған жерін тегі етіп алу ислам ғұламаларында жиі ұшырасады. Бейбарыс сұлтанның дәрігері Ибн Нәфис (1210-1288) ата-бабасының туған жері Қаршты тегі етіп алып, Әбухасан Алауддин Әли ибн әл-хизм, әл Қараший атанса, химия ғылымының ұстазы Жәбір Ибн Хаййан (737-813 ж.ж.) Тус деген ауылда туып, Әбу Мұса Жәбір ибн Хаййан әл-Узди ат- Туси деген атпен танылған. Осы сияқты әлеуметтану ғылымының негізін салушы Ибн Халдун (миләди 1332- 1406 ж.ж.), Алгебра ғылымының негізін салушы әл-Хорезми (миләди 775-835 ж.ж.), қазақ топырағынан шыққан әл- Фараби (миләди 872- 950 ж.ж.) т. б.

И. Мұстафаұлы сол ғұламаларға еліктеген болар, әкесінің туған жері Гаспраны тегі етіп алып Гаспринский аталып кеткен.

Ол Бақшасарайда өсіп, ер жетіп, алғаш медреседе, кейін «Ақмешіт» орыс мектебінде, одан соң Воронежтегі әскери мектепте оқиды. Алайда панисламдық саясатқа қарсылық білдіріп, Воронеждағы оқуын тастап, Бақшасарайға келіп, Зінжірлі медресесінде орыс тілінен сабақ береді. 1869 жылы Ялтадағы Дереккой мектебіне ауысып, екі жыл қызмет істеп Бақшасарайға қайта оралады. Тағы да зінжірлі мектебінің мұғалімі болады. Ыбырай: «Кел, балалар, оқылық!» деп бүкіл адамзат баласын оқу-білімге шақырса, Гаспарлы барлық мұсылмандардың білімді болуын қалап, үндеу тастады.

Ы.Алтынсарин «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы», -деп мектеп жұмысын жақсартып, артта қалған халықты қызықтырып оқуға тарту жолдарын көрсетсе, И.Гаспринский де осындай мақсатта мектепті жетілдіріп, тәрбиені мектептен бастау керектігін айтқан ағартушылардың бірі.

Екеуі де халық қамын ойлап жанашырлық публицистикалық мақалалар жазды. Ыбырай «Жұт туралы», «Қазақ даласындағы аштық туралы», «Қазақ қасіреті» мақалаларын, Исмағұл «Мир Ала Шер Науаи», «Насихат таббия», «Тарих әғләмәт уа их тирәғәт» атты танымдық, тағылымдық очерк, эсселерді дүниеге әкелді.

Ыбырай өзі ашқан мектепке тарих пәнін енгізуге айрықша көңіл бөліп, 1879 жылы 17 желтоқсанда В.В.Катеринскийге: «...Жалпы тарих пен орыс тарихының қысқаша курсы өте ұнайды. Бұл кітап қысқаша жазылған, бірақ қажетті мәліметтердің бәрі бар. Тарихты осы кітап бойынша оқытсақ қайтеді? Өйткені, орыс тарихын жеке алсақ, онда балалардың білімін өсіретін әр түрлі мәліметтер өте кем ғой, ал әлгі айтқан кітабымыздың көлемі «Орыс тарихының» көлемінен үлкен емес, сөйтсек, мұны өткеннен кейін балалар да менің ойымша өте кең түсінік алар еді», -деп жазса, Исмағұл да тарих пәніне ерекше қараған.

М.Дулатов 1914 жылы «Исмағұлбек Гаспринский (Опатынан соң)» деген мақала жазып, оның қайтыс болғанын айтып, оқушыларды өмірбаянымен таныстырады:

«Исмағұл мырза алғашқы оқуын ауыл мектебінде оқып, онан кейін Мәскеу гимназиясына барып түскен. Надан жұрт баламыз орысша оқыса, орыс дәмін татса, ойбай, орыс болды, енді айрылды, елден-жұрттан безеді деп түсінеді. Орысша оқыған «овтар» шаш өсіреді, мұрт баспайды деп, надан қажылар орысша оқығандарды кемсіткісі келеді. Мінекей, түрік ұлтының шын баласы ғана түгіл ноғай атасы дәрежесіне жеткен» [1].

Дәл осындай жағдай Ыбырайдың басында да болғаны баршаға аян.

Ыбырай «Қазақ» деп ат қойып, қазақ тілінде газет шығаруды ойластырса, Исмағұл «Тәржіман» деген газет шығарып тұрған. Бұл газет Кавказ, Қазан, Сібір, Орта Азия, Қытай, Иран мен Мысырға да таратылған. Басылым тек қана Ресей түріктеріне ғана емес, барша мұсылман қауымның арын арлап, жырын жырлай білді.

Ыбырай өлең жазса, Исмағұл қаламынан «Ай», «Күн», «Жұлдыз», «Жаңа әйнек» т.б. сияқты жырлар туды.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» дүниеге әкелсе, Исмағұл «Ходжа-исыбян» атты әліппе жазды» [Бақшасарай, 1892 және 1902]. Басқа да алуан тақырыптағы бірнеше кітабы жарық көрді.

Ыбырай да, Исмағұл да Крылов мысалдарын аударды [И.Гаспринский, «Крылов тәмсиләтидән тәржумалар»].

Жақында Қостанайдағы Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің қызметкері Балдырған Аяжанова И.Гаспринский музей-үйімен (Бақшасарай тарихи-мәдени және археологиялық музей қорығы) хабарласып, И.Гаспринскийге Ы.Алтынсариннің 1884 жылы «Мұсылманшылық тұтқасы» кітабына жазған қолтаңбасының (автографы) көшірмесін алдырды:

Атадан бері қадірлісің	Нәсіп болып бір сыбай
саид төре сұлтаным.	Сағынады ағайын
Панасында сақтасын	Арғын, қыпшақ жұртың-ай.
Сіздерді қадыр субканым.	Хайыр қайдан болған сұлтаным,
Жәрдем сізге бұл кітап	Жарың болсын бір құдай.
Сағынғаннан төреміз	Жәдігер болып қалмаққа,
Хатр үшін сақталым.	Есіңізге алмаққа
Өзімізден шыққан асыл деп,	Бұл кітапты жіберді
Асылдан қалған нәсіл деп	Қарашуның Ыбырайы
Сыртыңнан бата берейін.	8-ші мизанда 1884 жылда
Ағайынға болмадың	Шахар Орынбурғ.

Ыбырайдың, «Атадан бері қадірлісің саид төре сұлтаным» дейтіні И.Гаспринский Қырым хандары нәсілінен.

Ұлы ұстаз қолтаңбасынан оның И.Гаспринскийді «Сағыныштан төреміз хатр үшін сақталым өзімізден шыққан асыл, асылдан қалған нәсіл» деп жоғары бағалап, әрі мұсылман екенін ескеріп, жанына жақын тұтқанын да аңғарамыз. «Жарың болсын бір құдай» деп құдайды ауызға алуы- Алла жолынан таймаған тағы бір дәлелі

Исмағұлды ұстаз тұтқан Шәкәрім Құдайбердиев те: «Түрік, қырғыз - қазақ хәм хандар шежіресі» кітабында: Алдында өткен, тәрбиесін көрген Абайдан соңғы ұстазым – «Тәржіман» газетінің иесі Ысмағұлбек Гаспринский десем бек дұрыс. Анықтық үшін ол кісінің газетін оқып, бек көп пайдаландым», - дейді. Шындығында да бүкіл мұсылмандар қауымын «Тілде, пікірде және істе бірлік» деп, өнер-білім жолына шақырып, халық қамын жеген И.Гаспринскийдің де, оның «Тәржіма» газетінің де атқарған ісі қазақтар үшін де айтарлықтай еді. Осы басылымда жарық көрген «Қазақтар», «Торғай» хәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы, «Орыс қоныстанушылары мен жергілікті қазақтардың құқы», «Қазақтар және отарлау саясаты», «Тұтас халықтың қырғыны» сияқты мақалалар соның айғағы.

1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Исмағұлбек Гаспринский» деген мақаласында М.Дулатов: «Исмағұл мырза ғирт етіп, отыз үш жыл», «Тәржіман» басынан жылжымай, жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандарды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, һәр түрлі жәмъаяти хайриялар аштырды, тіл һәм әдәбиәт туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Россия мұсылмандарын тілі бір ұлт халіне қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгерісін болжағандай ой берді.

Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлұт ұстазы, ардақты атасы болып дүниедан қайтты» [2], - дейді.

Ыбырай да, Исмағұл да өз ұлтына жазу –сызуды үйретіп, білім, ғылым жолына бастаған ұлы ұстаздар.

И. Гаспринский 1914 жылы 11 қыркүйекте Бақшасарай ауданында қайтыс болды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Қысқаша тәржімә халі // Қазақ, 30 сентябрь, 1914. № 80.
2. Дулатов М. Исмағұлбек Гаспринский // Қазақ, 16 октябрь, 1